

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 6 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

15.03.2024

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Ж.Нурматов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Төлегенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Д.Шауенов; академиялық персонал – А.Бейсенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Исаев; АК мүшесі, академиялық персонал – филос.ғ.к. Г.Шадинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Е.Жиенбаев; АК мүшесі, академиялық персонал – Л.Алиева; АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Нурмагомбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., А.Сандыбаева; жұмыс беруші өкілі – М.Халыков; жұмыс беруші өкілі – М.Тастанбеков; жұмыс беруші өкілі – К.Жетібаев; жұмыс беруші өкілі – Т.Мендібаева; жұмыс беруші өкілі – Р.Ашимов; білімгерлер өкілі – Б.Мауленкул; білімгерлер өкілі – П.Ұлмекен; білімгерлер өкілі – Қ.Баймағамбетов; білімгерлер өкілі – М.Қамбар; білімгерлер өкілі – А.Алибек; білімгерлер өкілі – Ұ.Төлеутаева; білімгерлер өкілі – А.Шахман; білімгерлер өкілі – А.Кусан; білімгерлер өкілі – А.Маукенбай; білімгерлер өкілі – Н.Егінберлі.

Күн тәртібі:

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету
2. Жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру
3. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Ж.Нурматов:

Күн тәртібіндегі **бірінші мәселе** бойынша АК төрағасы **Ж.Нурматов** сөз алып 2023-2024 оқу жылында ББ тізілімдемесіне ешқандай жаңа білім беру бағдарламасы тіркелмегенін тілге тиек етті. Былтырғы оқу жылы жаңартылған білім беру бағдарламаларын аудит жасау барысында келесі оқу жылына қабылданатын білім алушылар үшін өзгеріссіз қалатынына байланысты шешім қабылдаған болатынбыз. Өйткені сараптамадан жақсы көрсеткішпен өткен және оқу тәжірибесінде сыналған бағдарлама қазірше толықтыруды қажет етпейді.

Күн тәртібіндегі **екінші мәселе** бойынша АК төрағасы **Ж.Нурматов** сөз алды: Жұмыс берушілермен кездесудің негізгі мақсаты біздің бітіруші түлектеріміздің жұмысқа орналасу мәселесі және осы бойынша туындаған мәселелерді талқылау. Сонымен қатар білім беру бағдарламасының жалпы мазмұнына байланысты сұрақтар болса, сол сұрақтар бойынша жұмыс жасау. Қазіргі таңда елімізде теолог-дінтанушы мамандар сұранысқа ие болып отыр. Жыл сайын Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі әкімшілік және дін мәселелерін зерттеу орталықтарына қажетті бос жұмыс орындарының тізімі

жарияланады. Сондықтан да жұмыс берушілермен кездесу мерзімін сәуір айында ұйымдастырғанмыз дұрыс болар деп ойлаймын.
АК мүшелері жоғарыда айтылған ұсынысты бір ауыздан қолдады.

ШЕШІМ:

1. Жұмыс берушілермен кездесу сәуір айына ауыстырылсын.
2. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.Нурматов

Хатшысы:



М.Төлеген